

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

сентябрь Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйым

Колхоздар мен совхоздарда ірі қара малдың сүт өнімін арттыру үшін мал шаруашылығын жүргізудің неғұрлым пайдалы системасын—аудандардың ерекшеліктерін еске ала отырып, малды қолда бағып-күту системасын одан әрі қолдану өте маңызды іс деп саналсын.

(Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасынан).

ң негізі

алудың, тұқым
ылы шараларын

күю жолындағы
ң астығын жый-
тай болса, баз-
кәзірден бастап,
облыста жұмыс-
ар ұйымдастыры-
рда бастырылған
май қырымдарда
нде Конохов ау-
лхозын мысатта
ыдаған центнер
рда бастырылған
тыр. Колхоз бас-
зартуға күні бү-
пана бөлмей отыр.
басқа аудандарда
болады.

нің ССРО-ны өр-
сноптары жөніндегі
сында... «колхоз-
ауышаруашылық
аруашылығы жү-
рсетілген. Осыған
ың егісіне тұқым
дай орын алып
сунан әрі тезуе-
тан, аудан және
ы барлық ауылша-
н бірге тұқым-

Облыстық XI партия конференциясы

Партияның XIX съезіне арналған материалдарды талқылау

Үш күн бойына Солтүстік Қазақстан облыстық XI партия конференциясы болды. Конференция идеялық-саяси жағынан жоғары дәрежеде өтті, делегаттар күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға белсене қатынасып, жұмыстағы кемшіліктерді большевиктік қатаң сынға алды.

Конференция делегаттары партияның XIX съезіне арналған материалдарды белсене талқылады.

* * *

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе — «Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының» БК(б)П Орталық Комитеті ұсынған жобасын талқылау» жөнінде облыстық Совет атқару комитетінің председателі **Оспанов** жолдас хабар жасады.

Бесжылдық жоспарда ауыл шаруашылығы саласында барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруды, қоғамдық мал басын бұрынғыдан да көбейтіп, оның өнімділігін арттыруды егін және мал шаруашылығының өнімін мейлінше көбейтуді көздеген көптеген шаралар белгіленген.

Бесжылдық жоспар Уралда, Сибирьде және Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аудандарында дәнді дақылдың әрбір гектары

системасы қызметкерлері алдына үлкен жауапты міндеттер қояды.

Мамлют аудандық партия комитетінің секретары **Закриченко** жолдас ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жыл сайын егіндік алаңды арттырып, егін және қоғамдық мал шаруашылығы өнімдерін көбейтіп келе жатқандығы жөнінде айтты. Соңғы үш жылдың ішінде ауданның егін көлемі 6 мың гектар артты. Шешен, совхоздарды, колхоздар мен МТС-терді маман кадрлармен нығайту жөнінде мәселе көтерді. Мұндай мамандардың жетіспеуі аудандағы бірқатар МТС-терде жыл бойына агрономдардың болмауына әкеліп соғды, ал, МТС-терде механиктер болып, көбі еңсе арнаулы мамандығы жоқ адамдар жұмыс істейді. Ол бұл мәселені облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің талқылауы және қажетті шаралар қолдануы жөнінде ұсыныс енгізді.

—Бесінші бесжылдық жоспарда, — деді Петропавл аудандық атқару комитетінің председателі **Ысраев** жолдас, — ауыспалы тез егісті меңгеру, өсіп отырған мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасау жөнінде үлкен шаралар белгіленген. Ол жері аз колхоздардың жерін мемлекеттік қорлар есебінен көбейту, колхоз өндірісінің еңбекті көп керек ететін бар-

Петропавл қалалық Советінің председателі **Савин** жолдас өзінің сөзін қалаларды көркейту және коммуналдық құрылысты кеңейту ісін жақсарту мәселелеріне арнады. Ол бесінші бесжылдық жоспардың жобасын Қазақстанның облыс орталықтарының көркейту мәселесімен толықтыруды ұсынды.

Сөз сөйлеген делегаттар республикамыздың негізгі астықты ауданы болып табылатын Солтүстік Қазақстанның жер шаруашылығын өркендету жөнінде айтты. Жер шаруашылығын және мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде бағалы ұсыныстар енгізді. Делегаттар өздерінің сөзінде жаңа бесжылдық жоспардың жүзеге асырылуы партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының жұмыс дәрежесін көтеруді талап ететіндігін орынды атап көрсетті.

Сол сыяқты, партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасын талқылауға делегаттар **Ларин, Красовский, Чаеса** және **Штапаук** жолдастар да қатысты.

Облыстық партия конференциясы партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасын бірауыздан қуаттады. Облыс партия ұйымдарына

жет. Ол басқарған кәсіпорнында көп уақыт алаяқтар өз дегенін істеп келген. Олар 85 мың сомнан аса мемлекет қаржысын талап- таражға салған.

Конференция делегаты **Веселовский** жолдас партия Уставының жобасында партия оқуы ісін жақсарту жөніндегі мәселені орынды қойылғанын айтты. Бізде әлі күнге дейін түрлі сылтаулармен партия оқуынан бастартатын, өзінің теориялық білім дәрежесін көтермейтін коммунистер бар. Әресе, білімі төмен коммунистерге жан- жақты көмек көрсету қажет. Сондықтан, мұндай коммунистердің жұмысшы жастардың кешкі мектептеріне тартылуы қажет деп есептеймін.

Преснов аудандық партия комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі **Назарин** жолдас партия Уставы жобасының аудандық партия комитеттері пленумдарын шақыру туралы айтылған жеріне өзгерістер енгізуді ұсынды. Ол селолық аудандарда аудандық комитеттердің пленумдарын айында бір рет шақыру өте қиын деп есептейді. Аудандық комитеттердің пленумдарына міндетті түрде қатысуға тиісті коммунистердің көпшілігі аудан орталығынан 70—90 километр жерде болады. Олар ауданға келіп, қайту үшін әрбір ретте 4—5 күн уа-

қымдық дақылдарды жыйнауға комбайн агрегаттарын жеткіздікті бөлмей келеді. Оның үстіне тұқым участогінің өнімін жыйнауға қосылған комбайндар жұмысты мүлдем өнімсіз істеуде. Осының салдарынан аталған аудандар тұқымдық алаңның егінін жыйнау жөніндегі бескүндік графикаға үнемі орындай алмай келеді.

Осы күнге дейін тұқымдық участоктардың егінін жыйнау жоспары Полудень ауданында небары 62,6 Преснов ауданында 69,3 және Приешім ауданында 69,6 процент қана орындалды. Тұқымдық дақылдарды жыйнайтын ең қолайлы мерзім өтіп барады. Осыған қарамастан аудан басшылары тұқымдық алаңның өнімін

составтар өткізу қабілетін күшейту, темір жол транспортының магистральді паровоздар, электровоздар, тепловоздар, жүк және жолаушы вагондары жөніндегі қажеттерін қамтамасыз ету, жылжымалы составты пайдалану ісін жақсарту, вагон айналымы мерзімін мейлінше қысқарту және паровоздардың орта тәуліктік жол жүрісін арттыру керек.

Жоғары саналы тұқым — мол өнімнің өсімі, егін шығымдылығын арттырудың басты шарты. Олай болса, әрбір колхоз бен совхозда келесі жылдың егісіне қажетті тұқым қоры дақылдардың әрбір түрі бойынша, әрбір колхоз бен совхозда толық құйылысын.

Облыс егіншілері, келесі жылдың барлық егіс көлеміне жоғары сортты тұқым әзірлеп, мол өнім негізін осы бастан қалайық, сойтіп, еліміздің экономикалық күш-қуатын арттыра беру ісіне келелі үлес қосайық!

Қазақ ССР Министрлер Советінің Л. М. Каганович атындағы ауруханасы қызметкерлерінің көркем өнерпаздар коллективіне қатысушыларды Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Қазақ ССР Министрлер Советінің Л. М. Каганович атындағы ауруханасы қызметкерлерінің көркемөнерпаздар коллективінің айымдасқанына 15 жыл толуымен байланысты және халықтық көркемөнер искусствосы саласында табысқа жеткені үшін мыналар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградалсын:

1. Баркалов Николай Яковлевич — көркемөнерпаздар солисі.
2. Зайцева Гликения Петровна — көркемөнерпаздар солисткасы.
3. Костылева Екатерина Михайловна — көркемөнерпаздар солисткасы.
4. Ларина Зинаида Васильевна — көркемөнерпаздар солисткасы.
5. Лапина Мария Емельяновна — көркемөнерпаздар хорына қатысушы.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,
23 август 1952 жыл.

6. Мазин Андрей Матвеевич — көркемөнерпаздардың музыка жағын басқарушы.
7. Манько Наталья Лазаревна — көркемөнерпаздар солисткасы.
8. Немишва Анастасия Михайловна — көркемөнерпаздар хорына қатысушы.
9. Плотникова Мария Николаевна — көркемөнерпаздар хорына қатысушы.
10. Романенко Надежда Павловна — көркемөнерпаздар хорына қатысушы.
11. Сокольникова Матрена Дмитриевна — көркемөнерпаздар хорына қатысушы.
12. Третьякова Зоя Ивановна — көркемөнерпаздар солисткасы.
13. Трифонова Тамара Семеновна — көркемөнерпаздар солисткасы.

составтар өткізу қабілетін күшейту, темір жол транспортының магистральді паровоздар, электровоздар, тепловоздар, жүк және жолаушы вагондары жөніндегі қажеттерін қамтамасыз ету, жылжымалы составты пайдалану ісін жақсарту, вагон айналымы мерзімін мейлінше қысқарту және паровоздардың орта тәуліктік жол жүрісін арттыру керек.

Бұл міндеттерді шешу бізден, темір жолшылардан, өндіріс жаңашылдарына күнбе-күн көмек көрсете отырып, социалистік жарыс туын онан сайын жоғары көтеруді талап етеді. Петропавл бөлімшесінің теміржолшылары бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларды жобасын терең зерттеп, үйреніп сьезд қарсаңындағы вахтаға тұрды. Сөйтіп, өзінің барлық күшін сьездің ашылу күнін жаңа өндірістік табыстармен қарсы алуға жұмылдыруда.

— Партиямыз бен үкметіміз, — дейді Еремін жолдас, — темір жол транспортын кеңейтуге және жақсартуға, теміржолшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға орасан көп қаржы жұмсауда. Тек үстіміздегі жылдың өзінде біздің бөлімше бойынша тұрғын үй-мәдениет құрылыстарына 10 миллион сомнан аса қаржы босатылды. Жаңадан 7500 шаршы метрлік тұрғын үй алаңы қатарға қосылды, екі орта мектеп және басқа бірқатар мәдени-тұрмыстық үйлер салынады.

Еремін жолдас жылжымалы составты қанағаттанғысыз пайдаланып келе жатқан, вагондардың көп тұрып қалуына жол беріп отырған бірқатар кәсіподақтарының басшыларын сынады. Ол жаңама жолдарды пайдалану, жүк тиеу және жүк түсіру жұмыстарын механизандыру жөнінде ұсыныс жасады.

— ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарының орындалуы, — деп мәлімдеді облыстық финанс бөлімінің менеджері Петров жолдас, — көп қаржы жұмсауды, қаржыларды жұмсауда қатаң үнем тәртібін енгізуді, үнемшілдікті, қаржыны талан-таражға салуға қарсы бақты күрес жүргізуді талап етеді. Мұның барлығы финанс орындары және финанс

және қаржы жұмсап отырғанын түсінудің тек біздің ет комбинатын мысалға алсаңыз да болады. Соңғы бесжылдықта комбинатта жалпы бағасы 5 миллион сом болатын мейлінше жетілдірілген жабдықтар орнатылды.

— Бұл күндері, — дейді Қарағанды совхозының директоры Жемсебинов жолдас, — егіс бригадаларында, мал фермаларында, трактор отрядтары мен мастерскойларда зор еңбек өрлеуі туын отыр. Біздің совхоздың бүкіл коллективі стахановтық вахтаға тұрды. Біздің шаруашылықтың әрбір қызметкері өзіне көтеріңкі міндеттемелер алды. Совхоз коллективі 1 октябрыға дейін зияб-жырту жоспарын орындауға сабан дайындауды және оны майлауды аяқтауға, ал, 5 октябрыға дейін қара пар жырту жоспарын орындауға міндеттеніп отыр. Совхозымыздың қызметкерлері өздерінің міндеттемелерін аброймен орындап шығады.

Конференция делегаттары Октябрь аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Перениссева жолдасын сөзін зейін қоя тыңлады. Ол аудан колхоздары мен совхоздарының шаруашылығын өркендетуде зор маңызы бар бірқатар бағалы мәселелер көтерді.

— Бізде бірде-бір колхозда электр станциясы жоқ, — дейді Перениссева жолдас. — Ал, ауданның барлық колхоздары мен совхоздарын электрлендіруге, мүмкіншілік бар. Бұл үшін Есіл өзенінің осы кезде басқа кетіп жатқан арзан қуатын пайдалану қажет.

— Біздің ауданымыз облысымыздағы ең алыс аудан. Егер Есіл өзенінде қажетті су мелиоративтік жұмыстары жүргізілсе, Октябрь ауданы облыс орталығымен қолайлы және арзан су қатынасын жасай алады. Есілді су жолы магистральна айналдыру жөніндегі мәселені шешу Есіл өзені бойындағы Ленин, Приешім, Петропавл және Соколов аудандары үшін де маңызды роль атқарар еді. Сондықтан да бесінші бесжылдық жоспардың жобаларына кіші өзендердегі су жолын тезірек меңгеру және ол өзендердің қуаттарын су станциялары құрылысы үшін пайдалану жөнінде толықтырулар енгізу қажет.

— партияның жобасы аудандық жобасымен бірге Бәшіров жолдас қажеттігі айтылды. Бұл жөнінде басқа аудандық пен ауыл шаруашылығының нағашыларының дәреже-деңгейіне жеткізілген бағасын берді. Бәшіров жолдасының Уставының комитеттерін рет емес, үнде толықтыр

Мемлекеттің басқарушылығының саяси экономияны айта келіп, мыналарды өздерінің қызығушылығымен, лекция көңіл бөлмей саяси экономиялар аз. Өзінің арттыру жөніндегі дәрежеде оқыттын көп бойынша көп көбірек көме

Қондыбаев идеологиялық айта келіп, елдер мен көм облыстық «Л» сынады.

— Партияның басында, — деп кемшіліктерді бүркемелейтін шіліктері ата нысты Петропавл директоры Евра

к XI партия конференциясы

Облыстық партия Комитетінің есебі

ігін арттыруға
ионализаторлық
ғаң, стаханов-

өзіне әзірлік
мен транспорт-
шығынан да
фабрикалардың
ындағы ықпа-
міндеттемелер
ның сөзінде

ен транспорт-
ктерді ашып,
и орындары
і жақсарту тусы-
ің тілегін қа-
уда және көп-
тарын ұйым-
ете алмай оты-
мысын қатты

ту және дел-
ның жайын
партия жұ-
ы.

онференциясы-
ырып, —деді
к партия көп-
к, аудандық
еттерінің сек-
ия ұйымдарын
түсу, олардың
қабылданған
нау және тек-
у, орналасты-
а адамдар қа-
су жөнінде
асырды.

еренциясының
және БК(б)П

тергілікті радио хабарын тарату комите-
тінің жұмысына тоқтала келіп, Бобров
жолдас газеттердің және жергілікті радио
хабарын тарату орындарының жұмысын
жақсарту түсуі қажеттігін және газеттер-
дің партия жұмысы мен партия оқуының
жақсы тәжірибелерін аз жазатындығын
айтты.

Облыстық партия комитеті есепті баия
дамасының соңында кадрларды іріктеу
алу, орналастыру және тәрбиелеу жұмыс-
тарының жайы, бұл істе кездесіп отырған
кемшіліктерді жоюдың жолдары баяндал-
ған.

Облыстық партия комитетінің есепті
баяндамасы бойынша қызу жарыссыз бастал-
ды. Делегаттар өздерінің сөздерінде
большевиктік сыйды кең өрістетті.

Булаев аудандық партия комитетінің
секретары **Курлов** жолдас баяндамада Бу-
лаев аудандық ұйымдарының мал шаруашы-
лығы мәселелеріне қанағаттанғысыз
басшылық жасайтындығы дұрыс сыналған-
дығы мойындай келе, аудандық партия
комитеті мен Совет атқару комитетінің
жағдайды түзеу үшін қандай шаралар
белгіленгендігін және ауданға жеміш
және сумен қамту жөнінде көмектің қажет
болып отырғандығын айтты.

Ол облыстық партия комитетінің аудан-
дық партия комитеттеріне басшылық сти-
лін сынады. Меніңше, —деді Курлов жол-
дас, — облыстық партия комитетінің
басшылық әдісінде нақтылық, іскерлік
жағы аз, ол көбіне қағазбастылыққа
салынып, орынысз көп мәжілістер өткізу-
мен әуестенеді. Мен Булаевта бір жыл
бойы жұмыс істегеннен бері бұл ауданға
облыстық партия комитетінің секретары
Бобров жолдас бірде-бір рет келген емес.
Аудандық партия комитеті, секретарьлары
ның облыстық партия комитетіне келіп

комитеттің нақтылы көмек көрсетуі қажеттігін, ал, іс жүзінде бұл аудандары-
оның көмегі тиісті дәрежеде болмай кел-
гендігін мәлімдеді.

Ол облыста лекциялық нәсихаттың на-
шар жолға қойылғандығын сынады. Об-
лыстық партия комитетінің лекторлары
жылдар бойы аудандарда болмайды, лек-
ция оқымайды. Сол сияқты, Долженко
жолдас облыстық партия комитетінің аудан-
дық комитеттерді шаруашылық жұмыс-
тармен орыссыз көп шұғылдануына мей-
бүр ететіндігін сынады. Бұл пікірін дәлел-
дейтін мысалдар келтірді.

Долженко жолдас сөзінің соңында об-
лыстық партия комитеті секретарьлары-
ның маңызды мәселелер туралы еңбекші-
лер алдында баяндама жасап отыру қажет-
тігі жөнінде тілек білдірді.

Полудень аудандық атқару комитетінің
председателі **Засыпкин** жолдас ауыл кол-
хоздарының егін шаруашылығы мен мал
шаруашылығында қол жеткен табыстары
жөнінде баяндады. Засыпкин жолдас село-
лық жерлерге көпшілік қолды товарларды
жеткілікті мөлшерде жеткізе алмай отыр-
ғаны үшін сауда ұйымдарының жұмысын
сынады.

—Біздің жұмысымызда елеулі кемшілік-
тер бар, —деді Интернационал МТС-нің
директоры **Горохов** жолдас. —Біз ол кем-
шіліктерді ашып, оны тез жою үшін шар-
алар қолданудамыз. Бұл кемшіліктер
үшін машина-трактор станцияларына қана-
ғаттанғысыз басшылық жасап отырған
облыстық ауылшаруашылық басқармасы
да жауапты. Мұнымен бірге, ол кемшілік-
тер үшін облыстық партия комитеті де
кінәлі.

Горохов жолдас кадрларды іріктеу және
орналастыру жұмысындағы өрескел кем-
шіліктерді айта келіп, облыстық партия

партия комитетінің секретары **Есшірөв**
жолдас, —партияның XIX съезін өндіріс-
тік жаңа табыстармен қарсы аламақ. Ау-
данның совхоздары мен алты колхозы мем-
лекетке астық тапсыру жоспарын мерзім-
мен бұрын, былтырғыдан 25 күн бұрын
орындап шықты. Көзір ауданда астық
дайындауды таяудағы екі-үш күн ішінде
тез орындап шығу жөніндегі социалистік
жарыс кең өрістеді.

Бұдан бұрын сөйлеген жолдастар сы-
яқты. **Есшірөв** жолдас та теріс басшылық
әдісі үшін облыстық партия комитетін
сынап, партия-ұйымдастыру жұмыс-
тарының орнына шаруашылық мәселелер-
мен көбірек әуестенетіндігін айтты.

Приешім аудандық партия комитетінің
секретары **Сарсенбаев** жолдас өзінгі сөзін
егін шаруашылығы мен мал шаруашы-
лығына басшылықты, кадрларды орналасты-
ру мен тәрбиелеу ісін жақсарту мәселе-
сіне арнады.

Бұдан кейін жарыссөзде сөз сөйлеген,
Петропавл қалалық партия комитетінің
секретары **Поцелуев** жолдас өздері басқарып
отырған кәсіпорындардың материал-
дық-техникалық жағынан қамтуды ойда-
ғыдай ұйымдастыра алмай отырған завод-
тардың директорларын сынады. Ол өнеркә-
сіп орындарына нақты басшылық жаса-
майтындығы үшін облыстық партия коми-
тетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімін және
оның меңгерушісі **Синчило** жолдасын сы-
нады.

Поцелуев жолдас кейбір бастауып пар-
тия ұйымдарында сын мен өзара сынның
тиісті дәрежеде өрістетілмегендігін, ал,
облыстық тұтынушылар одағының пред-
седателі **Писеуков** жолдас сияқты кейбір
басшылардың сынга қысым жасайтынды-
ғын айтты. Сол сияқты, ол нан комбинат-
тының директоры **Евраев** және «Трактор-

бөлшектермен тиісті дәрежеде жабықтай
алмай отырғандығы үшін жабықтау мәсе-
лелерінің басшыларын сынады. 1 сентя-
брьге дейін заңас бөлшектердің болмауы
салдарынан гана тракторлардың 30 про-
центтейі жұмыс істемеді. Облыстық «Трек
торсбыт» конторының басқарушысы **Ида-
кович** жолдас өзіне тапсырылған жұмыс
участогіне қанағаттанғысыз басшылық
етеді.

—Облыстың ауылшаруашылық қызмет
керлері, —деді **Омельяненко** жолдас, —
партияның XIX съезінің бесінші бесжыл-
дық жоспар жөніндегі директиваларын
тапқылап, жұмысты жақсартуға міндет-
тенді. Партия ұйымдарының басшылығы-
мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің
алда тұрған міндеттерін ойдағыдай оры-
ндап шығатындығы сөзсіз.

—Аудандық партия комитеттерінің жұ-
мысында көп қателіктердің орын алу
себебі, —деді **Конюхов** аудандық партия
комитетінің секретары **Макаров** жолдас, —
облыстық партия комитеті тарапынан дұ-
рыс басшылық жасалынауының салдары-
нан деуіміз керек. Облыстық партия коми-
тетінің өзі бізді совет және шаруашы-
лық ұйымдарының жұмысына орынысз
араласуымызға итермелейді.

Біздің ауданда колхоздардың, МТС-тер-
дің жұмысында елеулі кемшіліктер бар.
Партия және мемлекет тәртібін бұзу фак-
тілері де орын алып отыр. Аудандық пар-
тия комитеті бұл кемшіліктерді жойып,
партия-ұйымдастыру және саяси-бұқаралық
жұмыстарды жақсарту үшін барлық
шараларды қолдануда.

—Макаров жолдас әрбір мекемеде істейтін
кадрларды іріктеу және орналастыру ісін
жақсарту қажеттігін атап көрсетті. Кадр-
ларды іріктеп алуда, —деді ол, —облыс-
тық партия комитеті де бірге ойдағыдай

басқармаларының, МТС-тер мен совхоздардың директорларының, бастауып партия ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеті — жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді дереу жойып, барлық ауылшаруашылық дақылдарын жыйнауды таяудағы күндерде аяқтау, күзгі егіс егуді, зыб жыртыды тез аяқтау үшін шешуші шаралар қолдану, әрбір колхоз бен совхозды келесі жылдың егісі үшін сәтті тұқыммен қамтамасыз ету болып табылады.

Бобров жолдас мал шаруашылығы мәселесі жөнінде баяндай келіп, партия ұйымдарының совет және ауылшаруашылық органдарының партия мен совет үкметінің қарарын орындай отырып, қоғамдық мал шаруашылығын біраз өркендетуге жетіскендігін айтты.

Мал шаруашылығында зор табысқа жеткен колхоздар мен мал фермалары әрбір ауданда бар. Бірақ, аудандық партия комитеттерінің, совет және ауылшаруашылық органдарының алдында қатарлылардың тәжірибелерін көпшілікке таратпайтындығын, насихаттамайтындығын, ондай тәжірибелерді көпшіліктің игілігіне айналдырмайтындығын айта кетуіміз керек.

Баяндамашы мал шаруашылығы жайының қанағаттанғысыз болуының себептерін ашып, жағдайды түзең, алынған тәжірибелерді толық сақтау, малды қажетті жай және құнарлы азықпен, жылы қормен қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылуға тиіс кезек күттірмейтін шараларға тоқталды. Облыстық партия комитетінің сөзін баяндамасында МТС-тер мен совхоздардың жұмысына және олардың жұмысын үздік-кесілді жақсартуға бағытталған шараларға зор назар аударылды.

Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту мәселелеріне, бұл жөнінде байқалған кемшіліктерді дереу жою шараларына толық тоқтап, баяндамашы өнеркәсіп, транспорт пен байланыс жұмыстарының жайын баяндауға көшті.

Облыстың кәсіпорындарында және транспортта өндірістік тапсырмаларын үнемі артығымен орындап, өнім шығаруды жеделдетуге, оның өзіндік бағасын

хоз және өнеркәсіп орындары бастауып партия ұйымдарының өмірі мен жұмысын жете білмейтіндігінен, партия жұмысының жақсы тәжірибелерін тарата алмай отырғандығынан болып отыр.

Баяндамашы ішкі партия демократиясы мәселелеріне тоқтала келе, жеке партия ұйымдарында аудандық партия комитеттерінің пленумдарының, партия активтері мен партия жыйналыстарының мерзім тұрыс сақталмай жүргендігі жөнінде мысалдар келтірді. Кейбір жерлерде партия жыйналыстары үстірт өткізіледі. Мұндай фактілер Соколов ауданында және басқа аудандардың партия ұйымдарында кездеседі. Облыс партия ұйымында сын мен өзара сынның дәрежесі әлі төмен болып отыр. Кейбір басшы жолдастар өздері басқарып отырған ұйымдардың жұмысында едеулі кемшіліктерді бүркемелейді, сын мен өзара сынаға қысым жасайды, жайбарақаттық пен тоқмейілдесушіліктің орын тебуіне жол береді. Октябрь аудандық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары Сухов жолдастың жұмыс әдісін мысалға алуға болады. Ол басшы партия қызметінде бола тұра, ауданда жұмыста тамыртаныстыққа салынуды уағыздады, маскүнемдікке салынды, сынаға қысым жасалды және тұрмыста азғындыққа салынуға дейін барды. Осы істері үшін Сухов жолдас орнынан алынып, партия жолымен қатаң жазаланды.

Кейбір ұйымдар мен кәсіпорындарының басшылары партия және мемлекет тәртібін бұрмалайды, мемлекет қаржысын заңсыз жұмсайды, алдау және көзбаюшылыққа түседі. Мәселен, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Агжанов жолдас финанс тәртібін өрескел бұрмалап, мемлекеттің 89 мың сом қаржысын заңсыз жұмсаған.

Бұдан кейін баяндамашы партия оқуы орындарында оқу жайының біраз жақсарғандығын, коммунистердің барлығы дерлік оқудың белгілі бір түрімен қамтылғандығын айтумен бірге партия оқуында әлі де едеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығын атап өтті.

Облыстық және аудандық газеттерінің,

оның ауылшаруашылық бөлімі де жеткілікті көмек көрсете алмай келеді.

Брикунов жолдас нақтылы жағдайды бұрмалап жазып, кейбір қателер жіберетіндігі үшін облыстық «Ленинское знамя» газетін сынады.

Петропавл жол бөлімшесінің саясаттық бөлімінің бастығы Кочемировский жолдас Петропавл теміржолшыларының жұмысын баяндады. Партияның XIX съезіне арналған материалдар, — деді Кочемировский жолдас, — бөлімшенің барлық участоктарында жаңа саяси және өндірістік өрлеу тұрғызды. Петропавл теміржолшылары съезд күрметіндегі стахановтық вахтаға тұрып, алдымыздағы тарихи съезге лайықты тартулар әзірлеуде.

Кочемировский жолдас бөлімшенің басшы кадрлары жөніндегі мәселені қанағаттанғысыз шешіп отырғандығы үшін саясаттық бөлім кінәлі екендігін мойындады. Бірақ, — деді ол, — бұған облыстық комитеттің өнеркәсіп-транспорт бөлімі де, облыстық партия комитетінің секретары Забаурин жолдас та кінәлі, өйткені, олар бұл мәселемен жеткіліксіз шұғылданады. Кочемировский жолдас транспорт пен өнеркәсіп үшін маман жұмысшыларды ойдай даярлай алмай отырғаны үшін қолөнер училищелері мен фабрика-завод оқу мектептерінің басшыларын сынады.

Бұдан кейін ол өздігінен білімін көгеріп жүрген жолдастарға үнемі көмек көрсетіп отыру қажеттігіне тоқталды.

Преснов аудандық партия комитетінің секретары Долженко жолдас аудан егіншілерінің ауыл шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстарын баяндай келе, машина-трактор станцияларының жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды. Бұл кемшіліктердің орын алу себебі аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитетінің МТС-тердің жұмысына қанағаттанғысыз басшылық жасауынан болып отырғандығын айтты.

Бұдан кейін Долженко жолдас облыстық Ленин, Преснов және Октябрь сияқты алыстағы аудандарына малшаруашылықты және астықты аудандарына облыстық

съездің ашылу күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуды ұйғарлық.

Быйыл көктемгі егіс жоспарын ойдай орындап, жемшөптік дақылдар егісін едеуір молайттық, пар жыртыуды мерзімінде аяқталды, егінді мерзімінде және ығырапсыз жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын 30 августа орындап шықтық.

— Совхоздарымыздың коллективі, — деді Богинич жолдас, — мал шаруашылығын өркендетуде де едеуір табыстарға ие болды. Совхоз 1 сентябрьге дейін жылқы және қой өсіру жөніндегі жоспарды асыра орындады, ірі қара мал мен шошқа өсіру жоспарын орындауға жуық отыр. Совхоз коллективі түліктің барлық түрі бойынша мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындап қана қоймай, артығымен орындауға сәт берді.

Петропавл аудандық комитетінің секретары Козин жолдас колхозды ауыл-селоның бейнесі мүлде өзгергендігін, аудандығы 13 колхоздың 12-де радио орнатылғандығын, 4 колхоз электрленгендігін, осының нәтижесінде бұл төрт колхозда мал шаруашылығында еңбекті көп тілейтін жұмыстар және астық бастыру механикаландырылғандығын айтты.

Бұдан кейін Козин жолдас астық табуда жеткілікті көмек көрсетпей отырғандығы үшін облыстық ұйымдардың басшылары, әсіресе, облыстық автомобиль басқармасының бастығы Щелкунов жолдастың бұл жұмысқа жауапсыз қарайтындығын сынады.

Козин жолдас сөзінің соңында басшы қызметке жоғарылатылған жас коммунистерге облыстық партия комитетінің секретарларының жеткілікті көмек көрсетпейтіндігін айтты. Аудандық комитеттің секретары болып істегеннен бері, — деді ол, — облыстық партия комитетінің секретарлары Бобров және Ниязбеков жолдастар жұмысты қалай істен жүргендігін жөнінде менімен әңгімелескенде, маған тиісті көмек көрсеткен де емес.

— Біздің Совет ауданы ауыл шаруашылығының еңбекшілері, — деді аудандық

ларығын алдына қояйды.

Октябрьден жою айтқан сыны шіліктерді жою ұданатындығын ай

Октябрьден жою

КК(б)П


Ағыбаев З. А.
Андрюшков В.
Бәшіров Ш.
Байшурин М.
Белетченко И.
Еержатый И. И.
Билы Г. Я.
Есейсенбаев Ө.
Бобров Н. С.
Брикунов А. А.
Бірімжанов К.
Болатов Х. И.
Веселовский С.
Гармаш С. А.
Голосов С. В.
Дәулеткельдиев.
Давыдов А. П.
Девятко Д. И.
Жақыпов Б.
Долженко А. Е.
Егорова Д. М.
Еремин К. Г.
Живулина Н. А.
Закирченко А.
Засыпкин К. И.
Зенченко И. Е.
Зерневиц Ю.

ОБЛЫС

Анохин Ф. Ф.
Беляев О. Н.
Любых Н. Н.

Ыбыраев Ө.
Корпич. Е. Г.

Тасудағы негізгі күш



у және жөнелту жұмысы механикаландырылған. Әрбір астық тазартқыштар орнатылған. Совхоз қырманынан күн сайын атын механикаландырылған дөңгез тазартқыш. Онда екі адам а жөнелтетін дәл артушы.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Машиналар өнімсіз пайдаланылуда

ылының әрі жауап тінен машиналар көбіне қойма қақпасы алдында кезек күтін тұрады.

Мынадай бір мысалдар келтірейік. «Аралаған» колхозынан астық тасып жүрген шофер В. Неробов лабораторияла астық сапасының келігін тексерілуі және транспорттердің жетімсіздігінен кезек күтін, 5 сентябрь күні астық түсіру үшін 57 минут бөгелді. Осындай себептермен 6 сентябрь күні «Красный полтавец» колхозынан астық әкелген шофер Иванов жолдас астық түсіруге 1 сағат 5 минут

Совет ауданында астық тасып

Әрбір селода — жаңа құрылыс

АЛЕКСЕЕВКА. (Шығыс Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Маржакөл ауданындағы Калинин атындағы колхоздың колхоз басқармасы үйінің құрылысы аяқталды. Бұл маусым басталғаннан бері Климентий Деменовтің құрылыс бригадасының пайдалануға тапсырған бесінші жаңа құрылысы.

Киров атындағы колхозда 15 жаңа құрылыс салынды. Леонид Иванов, Қайса Наурызбаев, Павел Погожаев және бірқатар колхозшылар жаңа салынған үйлерге көшті. МТС механизаторларына арналған жатақхана, колхоз клубы, бірнеше тұрғын үйлер жақында пайдалануға берілді. Куйбышев атындағы, Ленин атындағы, «Пограничник» колхоздарының поселкелерінде көптеден жаңа үйлер салынды. Маржакөл ауданында жаңа құрылыс салынып жатқан бір-бір селода таба алмайсың.

Беде тұқымынан мол өнім алуға

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Облыста егілген шөп тұқым участоктерінің өнімі жыйналу да. Егіс даласында жүздеген комбайндар жұмыс істейді. Жамбыл ауданының Сталин атындағы колхоздың Обдіқарім Арпабаев және Халис Салпағаров жолдастар бастаған бригадалар беде тұқымынан мол өнім алуға. Өздігінен жүретін комбайнның машинисі Алексей Шейнер тапсырмасын бір жарым есе асыра орындап, олардың участогінің әр гектарынан 4—5,5 центнерден беде тұқымын бастыруда.

Мерке ауданының «Красный Восток», «Победа» колхоздары, Шу ауданының «Новый путь», «Белбасар» колхоздары, Свердлов ауданының Ленин атындағы, «Трудовой пахарь» колхоздары және басқа колхоздары беде тұқымынан жоғары сапалы әлдеқайда артық өнім алуға.

Кеме жүргізудің прогрестік әдісі

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). «Буденный» букеыр

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Торангүл ет-сүт совхозының малшысы А. Приходько өз табынындағы малдардың әрқайсысының орта тәуліктік салмағын 900 грамм арттырды, ал, «Малинка» деген сыйырдың ауырлығы айына 59 килограмм артты.

СУРЕТТЕ: А. Приходько жолдастың «Горный» бұқасын ұстап тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Малшылардың қажырлы еңбегі

«Красная крепость» колхозы — іріленген колхоз. Іріленгеннен кейінгі жылдарда колхоз көп салалы шаруашылыққа айналуға. Оның етін және мал шаруашылығы жетек қарқынмен өркендеп келеді. Кемелер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді абырмен орындау жолында жаныямай еңбек етіп, колхозшылар қоғамдық мал басын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда айтарлықтай табыстарға жетуде.

Мал өсірушілер хатта алынған көтеріңкі міндеттемелерді орындау жөнінде бір-бірімен өзара социалистік жарысқа түскен

Колхозшылар жыл аяғына дейін мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда бұдан да зор табыстарға жетпек. Мұнымен бірге, мал шаруашылығын оған өрі өркендете беру үшін олар мал қыстатуға тыңғылықты әзірлік жүргізуде. Колхозда жемшөп те жеткілікті әзірленіп жатыр. Дайындалған мал азығы, мал қыстайтын орындарға тасылуға. Колхозшылар БК(б)П-ның XIX съезі күніне дейін жемшөптің жартысынан көбін қыстаулар жанына тасып алуға ұйығырып отыр. Шөп тасуда арнаулы звенолар жұмыс істейді. Олар күн сайын мал қоралары жанына жүзде-

Қазір, партиямыздың XIX съезі құрметіндегі вахтаға тұрған егіншілер еңбек қарқынын үдете отырып, жаңа табыстарға жету үшін күресуде.

Ф. МҰҚЫШЕВ

тез қабылдап, машиналарды мерзімінен артық бөгеуге тиіс. Алайда, Смирново дайындау пунктіндегі істің жайы мүлдем басқаша. Пункттің лабораториясында астықтың сапасы тез тексерілмейді. Сал сыяқты, транспортерлердің жеткіліксізді-

ферларға таратпай келеді.

Автомашиналарды өнімді пайдалану жолындағы мұндай кемшіліктерге тезірек отыруға болмайды.

Ә. МҰХАМЕТОВ,
Совет ауданы.

кеңінен өрістетілген. Колхозшылар өздеріне саманнан екі бөлмелі стандартты үйлер салуда. Колхоз басқармасы жеке меншікті үй салушыларға, көлік және жұмысшы күшімен көмек көрсетуде. Быйыл 28 колхозшы семьясы жаңа үйлерге кірмек.

женко жол қырылуы қарсы алды тәжірибесін Жұмысшы нашы Рож

Сын және библиография

Композитор Дина туралы повесть

Жазушы өзінің жазуға ойланған тақырыбын біраз уақыт зерттеп, өзінің ой елегінен өткізген, оны өзі көркем шығармада суретшінің көзесімен бейнелейін деп отырған өмір саласының маманындай меңгерген болуға тиіс, сол тақырыптан жазушының ойы, тілегі, қуанышы қосылып кеткен болуға тиіс. Түсініктірек тілмен айтқанда, совет оқытушысы туралы шығарма жазатын адам ғылымның көп саласынан жақсы мағлұматы бар, тәрбие мен оқытушы қандай болса, баланың келешекте сондай болатынына әбден көзі жеткен, марксизм-ленинизм ілімімен қаруланып, қоғамның даму заңын білетін, өзі қызмет істейтін ортада ықпалы күшейіп, ұстаздық дәрежеге көтерілген адамдай болуға тиіс. Сол сыяқты, совет композиторы туралы шығарма жазуды ойланған адам да музыкадан жақсы мағлұматы бар адам болуы қажет.

Жазушы С. Бакбергеновтың «Күй» повесті Қазақ Республикасының белгілі халық композиторы Дина Нүрпейісованың өмірі мен творчестволық қызметіне арналған. Дина сыяқты республиканың таңдаулы адамдарының өмірімен және композиторлық творчествосымен оқушылар жұртшылығын таныстыру—жақсы іс.

Көркем шығарманың негізгі бір қасиеті—өмір шындығын кестелі суретпен беретіндігінде болса да, Сәуірбек оны повестің бірсыпыра беттерінде сақтамай (әрине, сақтауға тиіс жерінде) баяндаумен кеткен. Оның себебі жазушы музыкаға, композиторға деген өзінің сүйіспеншілік сезімін оқушыға жеткізгенше асыққан болуы мүмкін. Сондықтан повестің баян-

даумен берілген жерлерін де оқушы қанағаттанғын оқыйды.

Жазушы Дина Нүрпейісованың әр кездерде шығарған күйлерінің атын тізбектемей, бірсыпыра күйлердің шығу тарихын оқушыға нанымды әдіспен, соның ішінде оқушыны толқытатын, ойландыратын әдіспен—картинамен берген.

...1916 жылы қазақтар оқоп қазу жұмысына алынды. Сол оқоп қазу жұмысына алынған қазақ кедейлерінің ішінде Динаның баласы Жұрынбай да алынады. Қара жұмысқа кілең қазақ еңбекшілері алынғандықтан артта қалған ел күйзеушілікке ұшырайды. Жетім бала, жесір әйел, шөпсіз мәңіреген жалғыз сыйыр, ашыққан бала-шаға. Міне, еңбекші халықтың басына түскен осы ауыртпалықты көріп, Динаның аналық жүрегі тебренеді, толқыйды. Атақты композитор, өзінің ұстазы Құрманғазы берген дөңбырасын алып, екі шекті сөйлетеді. Динаның еркіне бағынып екі шек қазақ еңбекшілерінің басына бірілші империалистік соғыс түсірген тұрмыс ауыртпалығын баяндайды. Бұл күйге композитор «Набор» деген ат қояды. Ол күй ел арасына тез тарап, дөңбырашы Динаның даңқы төңірекке жайылып кетеді. Сол сыяқты, Сталинград түбінде Совет Армиясы данышпан қолбасшымыз Сталин жолдастың басшылығымен жүз мыңдаған гитлершілерді қоршауға алып, бөлек-бөлек талқандаған кезде тарихи жеңіске шексіз қуанған Дина Сталин туралы күй толғайды. Осы Сталин туралы күйдің туу тарихы да біраз жақсы берілген.

Повесте Жамбыл мен Динаның кездесу-

лерін автор көңілге қонымды етіп берген. Әресе, ұлы ақынның ақ жарқын дағды, Отанымызға деген сүйіспеншілігі, ісіміздің дұрыстығы мен жеңіске сенімі дұрыс суреттелген.

Повестің тілі шыйрақ. Совет адамның тарихи үйкен оқыйға туралы ойын дәл бейнелейтін сөйлемдер де бар. Мәселен, Совет Армиясының жауынгері Темірбекке «Күн шығыстан шығады, ал жеңіс таны—Москвадан атады, солдат айы Берлинге жеткенде көрінеді» деген сөзді тауып айт қызған.

Алайда, повесте елеулі-елеулі кемшіліктердің де бар екені байқалады. Ол қандай кемшіліктер? Біріншіден, жазушының халық композиторы Динаның өмірі мен творчествосын зерттеп білуі, бізше, әлі жеткіліксіз. Материал аз жыйналып, әзіз зерттелген, повесть асығыс жазылған. Ол повестің композициясынан, автордың повестегі геройлардың мінез ерекшеліктерін ашпағандығынан, оны айқындай түсінгендігінен көрініп тұр. Повестегі адамдарды атына қарап айырмасақ, сөзіне, мінезіне қарап айыру қиын.

Екіншіден, жеке ой мен жеке сөйлемдердің құрастырылуына жазушы жеткілікті көңіл бөлмегендіктен теріс мағала тудыратын екі ұшты жерлер бар. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін кітаптың 17-бетінен екі мысал келтірейік:

1. «Ауылға жақындағанда арсылдап, алдыңды орайтын аламойнақ (бейбас?) төбеттер жаңа ауылда жоқ». Бұл мүлдем дұрыс емес, өйткені, ауылдың ескі я жаңалығын, оның өскендігін сөз еткенде ауылда иттің бар, жоқтығын сөз қылу

атымен ақылға симайтын жағдай. Және бір айтайық дегеніміз қазақ тілінде «бейбас» деген сөз жоқ, «бейбастақ» деген сөз бар. Бірақ, ол итке емес, ерке, шалдуар болып өскен балаға қолданылатын сөз.

2. Дүйсенғали деген еңбекте үздік, тұрмысы ауқатты колхозшыға Бакбергенов жолдас мынадай мінездеме береді: «Қатардағы колхозшы болса да еті тірі пысық адам екен». Мұны қалай түсіну керек? Адамның еті тірі, пысық болуы үшін, Сәуірбектің ойынша, ол бастық болу керек пе? Адамның, халықтың егі тірі, пысық болуы яғни саяси белсенділігі тікелей социалистік қоғам құрылысына байланысты.

Оған соң Алматыдан Динаны ізден шыққан Турағұлды лаулап әкеле жатқан колхозшы Бекғали жолшыбай өзінің революциядан бұрынғы өмірін баяндайды. Бекғали ертедегі жалғыз атты кедей. Онда өмірге деген күштарлық та, талап та бар. Бір ауылда болыс сайлауы болып жатыр дегенді естіп, «атымды борбайлап, шаба жөнелдім» дейді ол. Келсе, ел үсті қайысқан қалың топ. Ішінде Бекғали аулынан келген мықтылар да отырады. Бірақ, ауылдай Бейсенәлі Бекғалиді көре салып:

—Болыс сайлауы сенің не теңің, салнақтап мұнда келгенше түтін салықтан құтылсайшы, ку кедей. Жалғыз атыңды сат,— деп сайлаудан қуып жібереді. Арада бір ай өткеннен кейін тағы Бекғали «ерің кезеріп, екі етегі далбаңдап шауып келеді». Серікғали дегеннің үйіне келсе, тағы үй толған адам. Ішінде тағы Бейсенәлі отырады. Бекғали рұқсат алып, «адымдап—адымдан төрге шығады да», «Бейсенәлінің беркін басынан жұлып алып, есікке қарай ата жөкеледі». Бақсақ, Бейсенәлі таз екен. Оның таз басынан

Бекғали те мақаралап Бекғали «адым» делідің бұдан ішінде болатын» емес және өздерін қара алып қашу

Оған со батырлығы істеген адам емес. Ең не ші тап адам әлеуметтік адамды ады салған феоның ұсқыны керелеу қала алып қашты болыс сайлау тарын көзі дынан тізб қоғамға де күшейту к лениң ең т бейнелемей, тырып, оны

Совет Аудің қарашы түбінде жү қоршап жоң пар бойын миямыз С шыққанша

Динаның екені талае адамды Бас отырғандай наспайды. нан «Ста

Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресі алдында

НЕКН, 11 сентябрь. (СОТА). Қытай баспасөзі Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының жуыра ашылатын Конгресіне зор мәні бар оқый-ға есебінде үлкен көңіл бөлуде.

Американ империалистерінің Жапон милитаризмінің бас көтеруіне, Кореядағы бітім келіссөзін болдырмай тастауға күш жұмсап отырғандығын көрсете келіп, «Шидзечжини» журналы өзін-нің басмақаласында «американ империализмі қытай халқы мен Тынық мұхит және Азия елдеріндегі халықтардың, сол сияқты, бүкіл дүние жүзі халықтарының қас дұшпаны» екендігін атап көрсеткен. Мұнан әрі бейбітшілік күшінің өсіп және Тынық мұхит пен Азия елдерінде американ басқыншылығына қарсы қарсылық білдірудің бұрынғыдан да күшейіп келе жатқандығын айта келіп, журнал Тынық мұхит және барлық Азия елдері

халықтары Конгрестен кейін американ империализмінің тіміскіленуін болдыртпай тастап, сонымен Тынық мұхит және Азия халықтарына бейбітшілікті қамтамасыз ететіндігіне сенім білдіреді.

Кәсіподақтардың, армияның әлеуметтік ұйымдардың өкілдері жазған көптеген мақалаларды орталық газеттер жариялай келіп, Қытай халқы мен барлық елдердің халықтары бейбітшілік сүйгіш халықтардың бірігін бұрынғыдан да күшейтуге, бейбітшілікті қорғауға шақырады және Тынық мұхит пен Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресі бейбітшілік үшін күрескерлердің айбынды саяси бұрынғыдан да күшейте түседі деп сенім білдіреді. Мақалалардың авторлары қытай халқын Қытай Халық Республикасының бейбітшілік құрылысында Конгресті өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуға шақырады.

ЖАПОН ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫ АЗИЯ МЕН ТЫНЫҚ МҰХИТ ЕЛДЕРІ БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ КОНГРЕСІНЕ БАРАТЫН ЖАПОН ДЕЛЕГАТТАРЫНА КЕДЕРГІЛЕР ЖАСАУДА

ТОКИО, (СОТА). Жапонияның сыртқы істер министрлігі Азия мен Тынық Мұхит елдері бейбітшілік жақтаушыларының ал-

дағы болатын Конгресіне баратын жапон делегаттарына паспорттар бермейтінін хабарлады.

Италияда бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне әзірлік

РИМ, 11 сентябрь. (СОТА). Бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының италиялық комитеті 10 сентябрьде Римде 5 декабрьде Вена қаласында болатын бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне Италияның қатысуын ұйымдастыру жөнінде жұмыс жоспарын талқылау үшін кезекті мәжіліске жыйналған.

Комитеттің председателі Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің вице-предсе-

да ұлғайта беруге, американ империализмінің басқыншылық саясатының барлық көріністеріне қарсы, Батыс Германияның қарулануына қарсы, қандай жолмен болса да бактериологиялық агрессияға қарсы күресуші қайраткерлермен, барлық топтармен және халықтың басқа да бөлектерімен байланысты үнемі күшейтуге тиіс екендігін атап көрсеткен.

Бейбітшілікті жақтаушылардың алдын-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ ЕАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАҒЫ

ПХЕНЬЯН, 11 сентябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірігіп, америка-ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы бұ-

рынғы алып тұрған шеңберінде қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлайды.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсірді.

Жоржи Амадуға қарсы қозғалған тергеу жұмысының қысқартылуы

МОНТЕВИДЕО, 11 сентябрь. (СОТА). Бразилияның «Импrensa популар» газетінің хабарына қарағанда, прокурор Маркес де Соуздін өтініші бойынша Бразилия соты Коста-э-Сильва мұнан бірнеше ай бұрын «Бейбітшілік елдерінде» деген кітабының жариялануымен байланысты Жоржи Амадуға қарсы қозғалған істі қысқартуға бұйрық берген. Сот Бразилияда «Бейбітшілік елдерінде» деген кітаптың ашық сатылуына тыйым салуды заңсыз деп жариялап, кітаптың полиция тартып алған сандарын полиция қайтаруға міндетті деп мәлімдеген.

«Импrensa популар» газеті бұл процестің қысқартылуын біздің еліміздегі бейбітшілік күштерінің жеңісі деп жазады.

Бұл фашистік заңдардың қолдануына қарсы мұнан былай да жүргізілетін күрестің бастамасы және демократтар мен патриоттарды қудалаудың қандай түрлеріне болса да қарсы, сол сияқты, Луис Карлос Престеске қарсы зұлымдықпен жүргізіліп отырған сот қудалауына қарсы күреске рух беруге тиіс.

Бразилия жұртшылығы Бразилия мен АҚШ арасындағы соғыс шартын жоюды талап етуде

НЬЮ-ЙОРК, 11 сентябрь. (СОТА). Баспасөздің хабарына қарағанда, коммунист партиясымен бірге Бразилияның әртүрлі оппозициялық партиялары мәлімдеме жариялап, онда Бразилия мен Құрама Штаттар үкметтерінің араларында жуырда қол қойылған соғыс шартына қарсы на-

разылық білдіру науқанын бүкіл елге жүргізуге шақырған.

Газеттердің айтуына қарағанда, бұл соғыс шарты бүкіл Бразилияда зор наразылықтар тудыруда. Елде көптеген демонстрациялар өткізіліп жатыр. Оған қатысушылар соғыс шартының жойылуын талап етуде.



яның XIX ның барлық рымен және н таныстыру хаттайды. меткерлеріне енштейн.

леуі

ымда өзіннің гі Отаныма толық жүк и отыруға, цияда тұрып, паровоз-нің артты- деген бо- айтқан мін- еді. қуатын ық қабілетін үшін еліміз- саласындағы ымыздың әл- ыдан да

Бразилияда полициялық заңның жойылуы

норма орындауға үде беремін, — деп.

— Мен транспортта поезд құрастырушы болып істеймін. Партияның бесінші бес-жылдық жоспар жөніндегі директиваларынның жүректен қуаттап, олардың халықтың күн сайын өсіп отырған тілегімен, халық шаруашылығының үздіксіз өрлеуіне жатқан дәрежесімен сәйкес жасалғандығына шексіз қуанышымды білдіре-

есейтейді. Сондықтан партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары партияның XIX съезі құрметіндегі кең өріс алған социалистік жарысты ұйымдасқан түрде жүргізіп, алынған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге, міндетті.

Б. ОСИПОВ,

ҚК(б)П қалалық комитеті өнеркәсіп-транспорт бөлімінің нұсқаушысы.

Сатушының табысы

Ауыл-село еңбекшілерін көпшілік қолды товарлармен деркесінде қамтамасыз ету, сатушының ардақты борышы екенін түсіне білген «Аралағаш» колхозы дүкенінің сатушысы Сұрағанова жолдас әресе, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсырудың қызу кезеңінде колхозшылардың тілегіне сай қызмет етуде.

Товар айналымының жоспары айына 20 мың сом болса, Сұрағанова жолдас ай сайын 23-25 мың сом етіп артығымен орын дайды. Өткен август айында 25.350 сомның товарын сатты.

Кәзіргі уақытта Сұрағанова жолдас егін даласында жұмыс істеп жүрген колхозшыларды мәдениетті қамту мақсатымен күн сайын көпші сағат 7-ден бастап, егіс басына барып сауда жасайды.

Жақында өткізілген Астрахань селолық тұтынушылар қоғамының жыйналысында БК(б)П-ның XIX съезі құрметіне колхозшылар арасында сауда-саттық жұмысын жақсартып, ай сайын 30 мың сомның товарын сатуға міндеттеме алды.

Р. ЖАМШИНА.

СОВХОЗДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТАР

Октябрь совхозының (Октябрь ауданы) бірінші фермасында жаңа балалар яслиі пайдалануға берілді. Жұмысшылар мем қызметкерлерге арналған 8 пәтер үйін құрылды аяқталмақ. Жоспар бойынша 1 ноябрьге дейін әрқайсысына 100 бағасытын бір бұзау қорасы мен сыйыр қор-

расы және 500 шошқа сыятын қораның құрылысы аяқталуға тиіс.

Совхоздың орталығында 7 жеке пәтер үйлердің құрылысы аяқталды. Комбайншы Радченко, токарь Лучкин жолдастар жаңа пәтер үйлерге орналасты.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Үш бригадаға бір хат тасушы

Ленин ауданындағы «Бұлақ» ауылшаруашылық артелі үш бригададан құрылған. Әрбір бригаданың арасы 8—9 километрден. Хат-хабар тасушы Б. Мусин жолдас өзі тұратын № 3 бригаданың арасына қамтылды. Қалған № 1 және № 2 бригадалардағы колхозшылардың жазылған

газет, журналдары әркімнің қолында кетіп жүр.

Колхозшылардың күнделікті хабарлармен танысып тұруына тез арада мүмкіншілік туғызылуын колхоз басшыларынан талап етеміз.

С. СЕЙІТҚАЛИЕВ.

Бирмада прогресшіл адамдарды қудалауға қарсы наразылықтар

ДЕЛИ, 10 сентябрь. (СОТА). Газеттер осы жылдың август айының аяғында көрнекті жазушы, белгілі қоғам қайраткері, бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілбирмандық конгресінің мүшесі және мәдениет байланысының бирман-совет қоғамының атқару комитетінің мүшесі Бама Тин Аунгтің тұтқынға алынғандығын хабарлады.

Тин Аунгтің тұтқынға алынуы Бирманың прогресшіл жұртшылығы тарапынан наразылықтар тудырды. Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілбирмандық конгресі атқару комитетінің және жазу-

шылардың Бүкілбирмандық ассоциациясының атқару комитеті жуырда қарар қабылдап, онда Бирманың билеуші топтарының антидемократиялық әрекеттерін сөккен. Парламент сессиясында Тин Аунгтің заңсыз тұтқынға алынуы жөнінде мәселе қойылған.

Бирманың прогресшіл топтары Тин Аунгтің тұтқынға алынуын бирман реакцияшыларының елдің ішіндегі прогресшіл күштерге зұлымдық көрсетуге әзірленіп отырғандығын дәлелдейді деп есептейді.

Тайландтың Солтүстік-Шығыс провинцияларындағы аштық

БАНГКОК, 11 сентябрь. (СОТА). «Прочитипатай» газеті Тайландтың Солтүстік-Шығыс провинцияларының халқы күріштің шықпай қалғандығы салдарынан аштыққа ұшырауда деп жазады.

Бейбітшілікті қорғаудың Бүкілтайландтық комитеті Солтүстік-Шығыс провинцияларының аштыққа ұшыраған халқына көмек көрсету үшін науқан ашты. Бейбітшілікті қорғаудың Бүкілтайландтық комитетінің председателі Чарион Супсен

8 сентябрь күні пресс-конференцияда барлық жерлерде халық аштыққа ұшырағандықтан бейбітшілікті қорғау комитеті «Аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету жөніндегі Комитет» құрғандығын мәлімдеген. Бұл комитет кәзірден бастап жұмысшылар мен студенттерден, шаруалардан және халықтың басқа топтарынан да ақшадай және басқадай жәрдем ала бастаған.

Батыс Пенджаб үкметінің реакцияшыл әрекеттері

КАРАЧИ, 10 сентябрь. (СОТА). Лахордың «Дейли анак» газетінің хабарына қарағанда, Батыс Пенджаб (Пакистан) провинциясы үкметі Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының жуырда болатын конгресінің жұмысына қатысу үшін провинциядан сайланған делегацияның мүшелеріне рұқсат беруден бастартқан.

Батыс Пенджаб үкметінің делегаттарға

рұқсат беруге бастартқанына байланысты бейбітшілікті қорғаудың Бүкілпакистандық комитетінің вице-председателі Махмуд Али Касури премьер-министр Назимуддинге және Пакистанның ішкі істер министрі Гурманиге провинция үкметінің негізсіз әрекеттеріне қарсы наразылық білдіріп, телеграмма жолдаған, деп жазады газет.

КАРАЧИ, 11 сеп-
тед Пресс оф Пак-
нің Аллахабадтан
Индия) берген хаб-
рақхиур ауданын
миллионнан астам

ПАРИЖ, 11 сеп-
Пресс агенттігінің
деп хабарлайды:
Мәліметтерге қа

«УДАРНИК»

«КЕЗЕГЕНІ

Сеанстар сағат

Облыс

жаз

Газетн
кәсіпор
совхоз
жазылу
Газет
тұруын қа

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, ред-
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс